

Кентау қаласында қоғамдық жұмыстардың түрлерін және қоғамдық жұмыстар орындалуға тиіс ұйымдардың тізбесін бекіту туралы

Түркістан облысы Кентау қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 22 қыркүйектегі № 410 қаулысы

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 1-тармағының 14-1) тармақшасына, 35-бабы 1-тармағының 12-10) тармақшасына, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрінің 2017 жылғы 2 маусымдағы № 386 "Жазаның осы түріне сотталған адамдардың қоғамдық жұмыстарды орындауын ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына сәйкес, Кентау қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес қоғамдық жұмыстардың түрлері және қоғамдық жұмыстар орындалуға тиіс ұйымдардың тізбесі айқындалсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін қала әкімінің орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

Ж.Тасов

Кентау қаласы әкімдігінің
2025 жылғы 22 қыркүйектегі
№ 410 қаулысына
қосымша

Қоғамдық жұмыстардың түрлері және қоғамдық жұмыстар орындалуға тиіс ұйымдардың тізбесі

№	Қоғамдық жұмыс объектілері	Қоғамдық жұмыстардың түрлері
1	"Хантағы ауылы әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі	Аумақты жинау, тазалау; Бұталарды кесу; Ағаштарды отырғызу, ағарту; Ғимаратты, қоршауды бояу, әктеу; Шөп шабу; Абаттандыру.
2	"Байылдыр ауылы әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі	Аумақты жинау, тазалау; Бұталарды кесу; Ағаштарды отырғызу, ағарту; Ғимаратты, қоршауды бояу, әктеу; Шөп шабу; Абаттандыру.
3		Аумақты жинау, тазалау; Бұталарды кесу; Ағаштарды

	"Қарнақ ауылы әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі	отырғызу, ағарту; Ғимаратты, қоршауды бояу, әктеу; Шөп шабу; Абаттандыру.
4	"Ащысай ауылы әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі	Аумақты жинау, тазалау; Бұталарды кесу; Ағаштарды отырғызу, ағарту; Ғимаратты, қоршауды бояу, әктеу; Шөп шабу; Абаттандыру.
5	Кентау қаласы әкімдігінің "Жасыл қала" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Аумақты жинау, тазалау; Бұталарды кесу; Ағаштарды отырғызу, ағарту; Ғимаратты, қоршауды бояу, әктеу; Шөп шабу; Абаттандыру.